

сәйкес келуі жатыр деп түсіндіреді. Сонымен бір адамның басқа адамға сәйкестігі яғни олардың өмірге деген көзқарастарының, құндылықтарының, бағдардың, қызығушылықтарының үндесуі.

Ерлі-зайыптылық сәйкестіктің келесі негізгі түрлерін бөліп шығарады: әлеуметтік, психологиялық, сексуалды және отбасылық-тұрмыстық. Әлеуметтік сәйкестік – бұл дүниетанымның, негізгі құндылық бағыттылығының (идеалдар, сенімдер, қызығушылықтар) ұқсас болуы. Ол өзіне өмірдің мәнін түсінуді, еңбекке, адамға, қоғамға, өзіне деген қатынасты қосады. Әлеуметтік сәйкестікке білім деңгейі, қажеттіліктер құрылымы, тіпті адамның кәсіби іс-әрекеті де әсер етеді. Әлеуметтік сәйкестік жоғарыда көрсетілген компоненттер ұқсас болғанда жүзеге асады. Әлеуметтік сәйкессіздік яғни ерлі-зайыптылардың көзқарастарының, идеалдарының, өмірлік жоспарларының, құндылықтарының әр түрлі болуы отбасының құлауына алып келуі мүмкін. Психологиялық сәйкестікке жұбайлардың мінезі, темпераменті жатады. Отбасылық-тұрмыстық сәйкестік бұл отбасының өмір сүру стиліне, рөлдерді бөлуге деген көзқарастардың ұқсас болуы. Сонымен сәйкестік түрлері өзара байланысты және бірін – бірі толықтырып отырады [5].

Жас отбасының мәселелерін талдау барысында мамандар мынандай қорытындыға келеді: неке құрған жігіттер мен қыздар бірлесіп өмір сүру барысында кездесетін қиыншылықтарға толық дайын емес, ерлі-зайыптылық кемелдену жеткілікті деңгейде дамымаған. М.Земска бойынша физикалық, психикалық және әлеуметтік кемелдену түрлері бар. Физикалық кемелдену адамдарға ана және әке болуға мүмкіндік беретін, организмнің биологиялық даму деңгейі. Осы кемелдену түрлерінің маңыздысы бұл психикалық және әлеуметтік кемелдену болып табылады. Психикалық кемелдену бұл ақыл-ой мен эмоционалдық деңгейдің дамуы, адамның басқалар үшін жауапкершілікті алу қабілеттілігі. Психикалық кемелденудің көрсеткіші жетілген махаббат сезімі болып табылады.

Қорытындылай келе, отбасылық өмірге бейімделу, қарым-қатынас ерекшеліктеріне тәуелді болады, яғни қарым-қатынас деңгейі төмендеген сайын жұптар арасындағы конфликттік жоғарылап, бейімделу деңгейіне теріс әсер етеді.

1. Шнейдер Д.Б. Психология семейных отношений. – М.: Апрель-Пресс, 2000. – 236 с.

2. Эйдемиллер Э.Г., Юстицкис В.В. Психология и психотерапия семьи. – СПб: Питер, 2000. – 112 с.

3. Гребенников И.В. Основы семейной жизни. - М.: Просвещение, 1991. – 158 с.

4. Мацковский М.С. Социология семьи. Проблемы теории, методологии и методики. - М.: Наука, 1989. - 111 с.

5. Андреева Т.В. Семейная психология. – СПб.: Речь, 2005. – 96 с.

\*\*\*

В статье рассматриваются психологические особенности адаптации, причины возникновения кризисного периода и способы преодоления первых трудностей.

\*\*\*

The article discusses the psychological characteristics of adaptation, the causes of the crisis period and the ways to overcome the first difficulties.

*Г.Ж. Жанабекова,  
Ф.С. Ташимова*

## **ЭТНОПСИХОЛОГИЯДАҒЫ ТҰЛҒАНЫҢ ЭТНОСТЫҚ БІРДЕЙЛІГІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ**

Этнопсихологиядағы тұлғаның этностық бірдейлік мәселесі кеңес уақытынан кейінгі кезде кеңес өкіметінің құлауымен, тәуелсіз және өркениетті мемлекеттердің пайда болуымен, этносаралық шиеленістердің өсуімен байланысты ерекше өзекті тақырыпқа ие болды, ал қазіргі уақытта ол өзіне сай әлеуметтік мәртебе алып, қоғамның дамуына, бірігуіне септігін тигізетін ұлттық идеяларды іздеу барысында көрініп отыр. Қазіргі заманғы шетел, отандық

әсіресе қазақ этнопсихологиясында тұлғаның этностық бірдейлігінің мәселесі, оны анықтайтын факторларды талдау этнопсихологиядағы теориялық және эмпирикалық зерттеулердің басты пәндерінің бірі болып табылады. Сондықтан бүгінгі таңда тұлғаның этностық бірдейлігінің даму ерекшеліктерін зерттеу барысы теориялық және практикалық аспектілерде өзекті болып отыр.

Этностық бірдейліктің дамуы – бұл әлеуметтік-мәдени контексте маңызды рөл атқаратын психологиялық-әлеуметтік процесс болып табылады.

Этнопсихологиялық сөздікте этностық бірдейлік субъектінің бір этностық топтағы басқа өкілімен бірігудегі эмоциялық-когнитивті процесі, сондай-ақ оның тарихқа, мәдениетке, ұлттық салттары мен дәстүрлеріне, оның идеалдарына деген жағымды көзқарасы деп анықталды [1]. Негізінен, «этностық бірдейлік» әлеуметтік және психологиялық әдебиеттерде тек қана XX ғасырдың ортасынан бастап кең түрде қолданыла басталды. Алғаш рет бұл ұғымды 1953 жылы американдық әлеуметтанушы Д. Рисман қолданды [2]. Т.Г. Стефаненконың көрсетуі бойынша, этностық бірдейлік өзін этностың өкілі ретінде ұғынудың когнитивті-эмоциялық процесі, өзін олармен анықталған дәрежеде бірдей деп санау және басқа этностардан жекелеу болып табылады [3]. Осы тұста этностық бірдейлікті құрайтын негізгі құрамдас бөліктері туралы айта кеткеніміз жөн. Этностық бірдейлікті құрайтын оның негізгі мынадай құрамдас бөліктері бар:

- ❖ когнитивтік немесе танымдық, яғни, ұлт туралы толық мағлұматтылық – оған этностық топ және оның тарихы, салт-дәстүрлері, мәдениет ерекшеліктері туралы білім және оларды жете түйсіну, ұлттық өзіндік атауы, этностық бірдейліктің негіздемесін таңдауы жатады;

- ❖ аффектілік, яғни оған өз тобының сапасына баға беру, ондағы мүшелікке қатынасын сезіну, осы сезімдердің мәні, нәтижесі, этностық қалауы жатады;

- ❖ мінез-құлықтық компонентіне – оған әр түрлі этностық байланыс жағдайларындағы қатынас пен әрекет жүйелері кіреді.

Қазіргі кезде полиэтностық жағдайдағы тұлғаның этнопсихологиялық жақтарын зерттеу әлі де болса көп қолға алынбаған. Әсіресе, тұлғаның жаңа полиэтностық ортадағы оның этностық бірдейлігін зерттеу мәселесі басты міндеттердің бірі болып табылады [4].

Этностық бірдейлікті тұлғаның өзінің этносына қатысты меншікті этностық тиістілігін жете сезінуі, мойындауы деп ұғынуға болады. Этностың тілін, қауымның тегін, мәдениетін, дінін, физиогномикалық белгілерін анықтай отырып, адам өзінің этностық бірдейлігін ұғынады [5].

Американдық психолог Г. Финчилеску тұлға өзінің мүшелігін даусыз қабылдауы екі критерийдің сәйкестілігіне байланысты деп тұжырымдады. Олардың әрқайсысына тоқталауға болады. Объективті критерийге ол ата-аналардың этностық тиістілігін, туған жерін, қолданатын тілін, мәдениетін және басқаларын жатқызды. Субъективті критерийді өзінің этностық бірдейлігін жете сезінуі немесе мойындауы деп санады. Осыған байланысты этностық бірдейлікті қазіргі таңда зерттеу мәселесі өзекті болғандықтан, теориялық қағидалардың мәнін орынды, әрі кеңінен ашуға мүмкіндік болуы үшін енді біз арнайы әдістемелерді бейімдеп, өзгертіп, қолданудың жолдарын ізденуіміз қажет.

Тұлғаның өзіндік этностық бірдейлігінің психологиялық ерекшеліктерін зерттеуге М. Кунның және Т. Макпартлендтің «Мен кімін?» тесті көмектесе алады. Берілген тест барысында сыналушыларға «Мен кімін?» деген сұраққа бес рет жауап беру ұсынылады (модификациялық нұсқасы бойынша). Осы тесттің нәтижесінде сыналушылардың барлық жауаптарын объективті және субъективті сипаттамаларға жатқызуға болады. Объективті сипаттамалар қатарына қоғамдық ортаға, әлеуметтік мәртебеге, отбасылық рөлдерге, сыналушылардың жынысына және т.б. байланысты сипаттамалар кіреді. Ал, субъективті сипаттамалар қатарына ерекше өмірлік жағдайлардың нәтижесі болған, тұлғалық ерекшеліктерге, оң және теріс өзіндік бағалауларға байланысты өзіндік идентификациялар жатқызылады.

Этностық бірдейлік өзінің этностық қоғаммен ұқсастыруды ұғыну ғана емес, сонымен қатар ондағы мүше болудың маңыздылығын бағалауды көрсетеді. Ол адамға өзін-өзі жүзеге асыруы үшін де кең мүмкіндіктерді береді. Бұл мүмкіндіктер этностық бірлікпен эмоциялық байланыстарына және оған деген қарым-қатынасы бойынша адамгершілікке тән міндетіне қатысты негізделеді.

Этностық бірдейлік – бұл тек нақты топтық көрінулердің қабылдануы, ұқсас ойдың бейнесіне дайындық және этностық сезімдердің ажыратылатыны ғана емес, ол сонымен қатар, түрлі этносаралық байланыстарда қарым-қатынас және әрекет жүйесінің құрылымын білдіреді, оның көмегімен адам полиэтностық қоғамдағы өзінің орнын анықтайды және өзінің тобының ішіндегі және сыртындағы мінез-құлық қабілеттерін меңгереді.

Әрбір адам үшін этностық бірдейлік нақты этностық бірлікке өзінің оған тиістілігін ұғынуды білдіреді. Оның көмегімен адам өзінің этносының идеалдарымен үндеседі және басқа ұлттарды өзінің этносына ұқсайтын және ұқсамайтын деп бөледі. Нәтижесінде өзінің этносының, мәдениетінің қайталанбауы және сиректілігі байқалады [6].

С.В. Рыжова мен Г.У. Солдатова өз жұмыстарында этностық бірдейліктің типтерін бөліп көрсетеді. Осыған байланысты этностық өзіндік сананың трансформация тенденциясын анықтау мақсатында С.В. Рыжованың Г.У. Солдатованың бірлесіп жасаған «Этностық бірдейліктің типтері» атты әдістемесі бар. Әдістеме «Мен – осындай... адаммын» сөйлемінің жалғасын интерпретация жасайтын жеке және басқа этностық топтардың әр түрлі тұлғааралық ықпалының қатынасын бейнелетін 30 индикаторлардың тұжырымдарынан тұрады. Нәтижесінде алынған тұжырымдамаларды талдай отырып, зерттеуші мынадай этностық бірдейліктің типтерін ажыратып қарастыра алады: этностық нигилизм, этностық индифференттілік, жағымды этностық бірдейлік, этноэгоизм, этностық оқшаулану (этностық изоляционизм), ұлттық фанатизм (этнофанатизм).

Осы әдістемедегі этностық бірдейліктің типтеріне байланысты төмендегідей сипаттамаларды беруге болады:

1) *этностық нигилизм* – басқа ұлт өкілдерінің артықшылықтарын, басымдылықтарын және өз этносының өкілдерінен ұялуды жиі сезінуді, сондай-ақ, өзінің ұлт өкілдерінің адамдарымен сыйыспауын, қарым-қатынасында қиындықтардың болуын білдіреді;

2) *этностық индифференттілік* – күнделікті қарым-қатынаста ұлт деген сөздің еш мәні жоқ және жер бетінде табиғи, әлеуметтік қор байлықтарын пайдалану құқығы тек қана оның халқында болуы керек деп санайды, сондай-ақ, өзінің өз ұлтына жатқызылуына немқұрайшылықпен қарайды және оның халқы басқа халықтардан еш кем емес деп санайды;

3) *жағымды этностық бірдейлік* – өз халқының өмір салтын ұстанады, бірақ басқа халықтың салтына үлкен қызығушылықпен қарайды, көп жағдайда өз ұлтын жасырмайды және өз халқын жақсы көреді, бірақ басқа халықтың тілі мен мәдениетін сыйлайды, ұлтаралық бәсекелестікте әрқашан да бейбітшіл келісімге келуге тырысады, толеранттылықтың жоғары деңгейінің болуымен сипатталады.

4) *этноэгоизм* – тек өз халқының өмір салтын ұстанады, басқа ұлтқа қарағанда өз ұлтының басымдылығын, артықшылығын жиі сезінеді және басқа ұлт өкілдерімен араласу көп жағдайда жағымсыз қатынас қалыптастырады деп санайды;

5) *этностық оқшаулану (этностық изоляционизм)* – ұлтаралық некелер халықты бұзады, нағыз достық тек бір ұлт өкілдерінің арасында ғана болады деп санайды, басқа ұлтпен салыстырғанда өз ұлты ақылды, жетілген деп есептейді;

6) *ұлттық фанатизм (этнофанатизм)* – ұлт құқығы адам құқығынан жоғары деп санайды, өз ұлтының мүддесін қорғау үшін бәріне барады, өз халқының мәдениетін басқа халық мәдениетінің ықпалынан «тазарту» керек дейді.

Психологияда этностық бірдейліктің дамуының қалыптасуы жалпы сана-сезімнің даму контекстінде индивидуалдық өзгерістер деңгейінде зерттеледі. Этностық бірдейлік өзінің құрылу процесінде баланың психикалық даму кезеңдеріне сәйкес келетін бірнеше кезеңдер қатары жүреді. Ж. Пиаже бірінші болып баланың ұлттық тобына жатқызылуындағы ұғынудың даму концепциясын ұсынды. Ж. Пиаженің А. Вайлмен бірге зерттеу жұмысында

1951 жылы ол бір үрдістің екі жағы – Отан және басқа елдердің және шетел адамдарының бейнесінің қалай қалыптасу түсінігін талдады. Этностық бірдейліктің дамуын Отан түсінігімен байланысты когнитивтік модельдердің пайда болуы ретінде қарастырды, ал этностық сезімдер, оның ойынша, этностық құбылыстар туралы білімге өзіндік жауап болып табылады. Ж. Пиаже баланың психикалық даму кезеңдеріне сәйкес ұштасатын процестермен бірге жүретін баланың этностық топқа тиістілігіне жете сезіну тұжырымдамасын ұсынды. Этностық бірдейліктің дамуын когнитивтік үлгілерді құру ретінде «Отан» деген түсініктің байланысын қараған. Оның ойынша, этностық сезім осындай құбылыстар туралы білімге жауап береді. Ж. Пиаже этностық бірдейліктің қалыптасуын үш кезеңге бөледі:

1) 6-7 жастағы бала алғаш өз этностық тиістілігі бойынша фрагментарлық және жүйесіздік білімді игереді. Осы кезеңде бала үшін ел мен ұлттық топ, отбасы мен әлеуметтік орта өте маңызды болады;

2) 8-9 жастағы бала өзін этностық тобына ұқсастырады. Идентификацияның негізі – ата-ананың ұлтына, мекен-жайына, ана тіліне байланысты этностық сезім оянады;

3) 10-11 жас аралығында (кіші жасөспірім жаста) әр түрлі халықтың ерекшеліктері ретінде тарихтың бірегейлігін, дәстүрлі тұрмыстық мәдениеттің өзгешелігі байқалады. Кіші жеткіншектер олардың патриоттық сезімдерін суреттейтін саяси-идеологиялық аргументтерді мысалға келтіреді. Осы кезеңде этностық бірдейлік толық көлемде қалыптасады.

Қазіргі уақытта дүниежүзі бойынша этностық бірдейліктің даму кезеңдеріндегі жас ерекшелік шекараларын анықтап, нақтылауға көптеген зерттеулер жүргізілген. Көптеген зерттеушілер 3-4 жастағы баланың бойынан этностық топ пен диффуздық идентификацияның алғашқы көрінісін тапқан. Алайда, барлық психологтар «балалардағы этностық бірдейліктің кіші жасөспірім кезінде жетіледі», – деген Ж. Пиаженің көзқарасымен келіседі.

Қазіргі заманғы өмір шарты өзгерген полимәдени қоғамда адамның қарым-қатынасындағы ең осал жерінің бірі этностық бірдейлік болып табылады. Этностық бірдейліктің бұзылуы әртүрлі этностық топтар арасындағы шиеленісушіліктің болуымен қамтамасыз етілуі мүмкін және ол ұлттық түсініспеушілік, этносаралық шиеленістердің туындауынан көрінеді. Адамның толығымен этностық бірдейлікке ие болуы оның психикалық жетілуін қамтамасыз етеді, оның ішкі және сыртқы ортаға психикалық бейімделуінің өсуіне әсер етеді [7].

Осылайша, этностық бірдейлік күрделі және өзгермелі әлеуметтік категорияны көрсетеді: этностық бірдейлік бір топтан екінші топқа барғанда өзгеруі мүмкін, бірақ ол тарихи және әлеуметтік контекстке тәуелді болады. Қазіргі кезде әлемдегі көкейкесті өзгерістер кезеңінде бірегейлі тұлға идеясымен қатар әлемдік қауымдастықта барлық қоғамдық өмірдің интернализациясы және идеясы нақтыланды. Этнопсихологтардың айтуынша, тұлғаның этностық бірдейлігі – бұл өзін нақты бір этностың өкілі ретінде санау, адамның бір этностық қоғаммен бірігіп, басқалардан алшақтауды бастан кешуін білдіреді.

Сонымен, тұлғаның этностық бірдейлігінің ерекшеліктері қазіргі заман талабына сай, көкейкесті мәселелердің бірі болып табылады, сондай-ақ бұл Қазақстан этнопсихологиясындағы этностық бірдейлікті зерттеуді нақты көздейді. Әсіресе, біздің елімізде ұлттардың этностық бірдейлігін зерттеу кең өріс алмағандықтан, қазіргі таңда жастардың этностық бірдейлігінің психологиялық ерекшеліктерін зерттеу аса қызығушылық тудырады. Сондықтан да этностық бірдейліктің ерекшеліктерін зерттеп, оның басқа ұлттың ерекшеліктеріне әсерін, байланысын анықтау бүгінгі таңда өмірімізге аса қажет.

1. Крысько В.Г. Этнопсихологический словарь. – М.: Просвещение, 1999. – 298 с.

2. Лебедева Н.М. Введение в этническую и кросс-культурную психологию. – М.: Ключ, 1999. – 264 с.

3. Стефаненко Т.Г. Этнопсихология. – М.: Аспект Пресс, 2004. – 368 с.

4. Аплашова А.Ж. Полиэтностық ортадағы студенттердің танымдық іс-әрекетін дамытуда ескеретін жайттар. // ҚазҰУ хабаршысы. Психология және социология сериясы. -. №1 (16). – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 107 б.

5. Аймағанбетова О.Х. Основы этнопсихологии. – Алматы: Литера, 2003. – 178 с.

6. Көмекбаева Л.К. Мұғалімдердің этностық өзіндік санасының психологиялық ерекшеліктері: Психол. ғылымдарының канд. дис. – Алматы, 2003. – 150 б.

7. Солдатова Г.У. Психология межэтнической напряженности. – М.: Смысл, 1998. – 264 с.

\*\*\*

В статье рассмотрены психологические особенности определения и развития этнической идентичности личности в этнопсихологии.

\*\*\*

The psychological features of the definition and development of ethnic identity of personality in ethnical psychology are discussed

*Б.С. Байқожа*

## **ЦЕННОСТНЫЕ ОРИЕНТАЦИИ СТУДЕНЧЕСКОЙ МОЛОДЕЖИ**

В наше время остро стоит вопрос о ценностных ориентациях современного казахстанского общества и, в частности, молодёжи.

Интерес к ценностным основам отдельной личности и общества в целом всегда возрастал на грани эпох, в кризисные, переломные моменты истории человечества, необходимость осмысления которых закономерно требовала обращения к проблеме этических ценностей. Кардинальная смена общественной системы и произошедшие за последние десятилетия изменения в нашем обществе потребовали переоценки значимости многих фундаментальных ценностей. Социальные перемены, обусловившие необходимость принятия каждым членом общества ответственности за свою судьбу, приводят к постепенному утверждению в общественном сознании новой системы ценностных ориентаций. Входящие в жизнь молодые люди, уже не связанные с прежними ценностями, не в полной мере восприняли и ценности свободного демократического общества. В этой связи особое значение приобретает процесс ценностного самоопределения в вузе, формирование системы ценностных ориентаций, имеющей гуманистическую направленность, которая особенно необходима для успешной реализации будущей профессиональной деятельности в системе «человек-человек».

«Ценностные ориентации являются элементами внутренней (диспозиционной) структуры личности, сформированные и закреплённые жизненным опытом индивида в ходе процессов социализации и социальной адаптации, отграничивающие значимое (существенное для данного человека) от незначимого (несущественного) через (не) принятие личностью определенных ценностей, осознаваемых в качестве рамки (горизонта) предельных смыслов и основополагающих целей жизни, а также определяющие приемлемые средства их реализации» [1]. Следовательно, ценностные ориентации определяют уровень духовных, культурных и нравственных ценностей всего общества, особенно молодёжи. Эта тема актуальна не только для педагогов в связи со спецификой их рода деятельности, но и для остальных людей, так как базовые ценности важны для всего общества. Ведь ценности становятся одним из основополагающих факторов путей его развития. В настоящее время этой проблеме уделяется большое внимание как со стороны государства, так и со стороны общества.

В любую историческую эпоху были свои идеалы, ценности. Например, в советское время это были труд, товарищество, уважение к старшим, взаимопомощь, эти ценности существовали повсеместно, на всей территории братских республик.